

## Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі басқармасының 2000 жылғы 21 сәуірдегі N 146 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2000 жылғы 9 маусымда тіркелді. Тіркеу N 1148. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 212 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.08.2016 № 212 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан республикасы төлем жүйесінің жұмыс істеу тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесі бекітілсін және Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күн өткеннен кейін күшіне енгізілсін.

2. Төлем жүйесі басқармасы (Мусаев Р.Н.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;"

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастан он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің облыстық филиалдары осы қаулыны және Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесін екінші деңгейдегі банктерге жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Е.Т. Жанкелдинге жүктелсін.

*Төрағасы***Қазақстан Республикасында ақша төлемі мен аударымын жүзеге асырған кезде электронды құжаттар алмасу ережесі**

Осы Ереже электронды тәсілмен ақша төлемдері мен аударымдары туралы нұсқау беру талаптарын, сондай-ақ мұндай нұсқаулардың орындалуын қайтарып алу мен тоқтатуға, бұрын берілген нұсқаулардың нақтылығын немесе оларды ұсынудың заңдылығын растауға байланысты хабарларды электронды тәсілмен беру талаптарын белгілейді.

**Ескерту. Кіріспе өзгертілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 04.07.2003 N 228 қаулысымен.**

**1. Жалпы ережелер**

**Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

1. Осы Ережеде "Ақша төлемі және аударымы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3-бабында, "Электрондық құжат және электрондық сандық қол қою туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабында көзделген негізгі ұғымдар, сондай-ақ мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) электронды құжатты жіберуші (бұдан әрі - жіберуші) - банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банк немесе ұйым (бұдан әрі - банк) немесе электронды құжатты жасайтын және жіберетін банктің клиенті ;

2) электронды тәсілмен беру - құжатты электронды нысанмен телекоммуникациялар желілері бойынша немесе магнитті жазбамен беру;

3) нақты электронды құжат - жіберуші жасаған және оған кейіннен енгізілген түзетулер және/немесе өзгерістер жоқ электронды құжат;

4) электронды құжатты алушы, (бұдан әрі - алушы) - жіберушінің атынан және/немесе тапсыруымен электронды құжатты өңдеуші және/немесе о р ы н д а у ш ы б а н к ;

5) қауіпсіздік рәсімі - электронды құжаттардың нақтылығын анықтау мақсатымен оны жасаған, берген және тексерген кезде қолданылатын рәсім;

6) электронды құжаттар алмасу жүйесі - белгіленген ереже бойынша электронды тәсілмен хабар (нұсқау, нұсқауды қайтарып алу не орындалуын тоқтата тұру туралы өкім, сондай-ақ ақша төлемі мен аударымына қатысты өзге де хабарлар) беруге болатын жүйе;

7) а л ы н ы п т а с т а л д ы ;

8) элетронды төлем құжаты - ақша төлемі мен аударымы жасалғанда негізге алынатын немесе соның көмегімен жасалатын электронды құжат.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 04.07.2003 N 228 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының заңдарында тек қағазға жазып беру көзделген нұсқауларды электронды тәсілмен беруге болмайды.

3. Нұсқауларды электронды тәсілмен алмасу ақша төлемін және/немесе аударымын жүзеге асыруға қатысушы жақтар арасында жасалған шарттар негізінде және/немесе электронды құжаттар беру жүзеге асырылатын электронды құжаттар алмасу жүйесінің жұмыс істеу ережесіне сәйкес жүргізіледі.

3-1. Электрондық құжаттармен алмасатын қатысушы осы жүйеге қызмет көрсететін орталық берген тіркеу куәлігі болған жағдайда Қазақстан Республикасында ақша төлемдері мен аударымдарын электрондық тәсілмен жүзеге асырады .

Ескерту. Ереже 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 04.07.2003 N 228 қаулысымен.

3-2. Ақша төлемі мен аударымын электрондық тәсілмен жүзеге асыру кезінде банк қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру схемаларында электрондық құжаттар алмасу жүйелерін пайдалануды болдырмау бойынша шараларды, сондай-ақ қажетті рәсімдерді әзірлейді және қолданады.

Ескерту. 1-тарау 3-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - 2014.08.27 № 168 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

## 2. Электрондық цифрлық қолтаңба

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

4. Электронды сандық жазу жіберушінің электронды құжатты жасағанын, онда түзетулер немесе өзгерістер жоқ екенін және жіберушінің электронды құжаттың мазмұнымен келісетінін растайды.

5. Электронды сандық жазу жіберушінің электронды төлем құжаты бойынша осы электронды төлем құжаты нақты болып табылған жағдайда өзіне міндеттеме алғанын растайды .

6. Ақша төлемін және/немесе аударымын жүзеге асыруға қатысушылар электронды сандық жазуды олардың арасында жасалған шарттарда және/немесе электронды құжаттар беру жүзеге асырылатын электронды құжаттар алмасу жүйесінің жұмыс істеу ережесінде көзделген тәртіппен және шарттармен қабылдайды.

6-1. Электрондық сандық қол қоюды пайдалану Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. Ереже 6-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 04.07.2003 N 228 қаулысымен.

### 3. Электрондық құжаттар

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

7. Хабар электронды сандық жазу қолданылып жасалғаннан кейін электронды құжат мәртебесіне ие болады.

8. Электронды құжат жіберуші мен алушы арасында жасалған шартта және/немесе электронды құжатты алмасу ережесінде көзделген қауіпсіздік рәсімін пайдалана отырып жасалады.

9. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 24.08.2009 N 85 Қаулысымен.

10. Жіберуші электронды тәсілмен берілген нұсқауды орындаудан бастартқан жағдайда, алушы оны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жіберушіге электронды төлем құжатын орындаудан бастартқаны туралы хабарлауға тиіс, егер Қазақстан Республикасының заң актілерінде басқаша белгіленбеген болса, бастарту себебі көрсетіледі.

Алынған және/немесе орындалған электронды төлем құжаттарының бухгалтерлік есебін банк оның ішкі есеп саясатының талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

11. Жіберушілер мен алушылар электронды құжаттарды жасау, қабылдау, беру үшін және/немесе ақпаратты сақтау үшін (қорғаныстың ұйымдық және бағдарламалық-техникалық шараларын қоса) қолданылатын бағдарламалық-техникалық құралдардың бәріне немесе бір бөлігіне рұқсатсыз кіруді шектеу құралдарын Ұлттық Банктің нормативтік құқықтық актілерінің талаптарына сәйкес белгілейді. Жоғарыда көрсетілген талаптар болмаған жағдайда жіберуші мен алушы қауіпсіздік деңгейіне қойылатын талаптарды жеке белгілейді.

#### 4. Хабарламаларды электрондық тәсілмен беру

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

12. Электронды тәсілмен нұсқау беру жолымен жүзеге асырылатын ақша төлемі және/немесе аударымы барысында алушының оны орындауының кез-келген сатысында нұсқау электронды төлем құжаты түрінде берілетін кез-келгені ақша төлемі және/немесе аударымы бола алады.

13. Егер жіберуші мен алушы электронды құжаттар беру жүзеге асырылатын электронды құжаттар алмасудың бір жүйесін пайдаланушылар болып табылса жіберуші мен алушы арасында мұндай ұсынысты көздейтін шарт жасамай-ақ ақша төлемін және/немесе аударымын электронды тәсілмен нұсқау беру жолымен жүзеге асыруға болады. Мұндай жағдайда хабарларды электрондық тәсілмен беру электронды құжаттар алмасу жүйесінің жұмыс істеу ережесіне сәйкес жүзеге асырылады.

14. Ақша төлемі және/немесе аударымы электронды тәсілмен нұсқаулар беру жолымен жүзеге асырылатын шартта жіберуші мен алушы арасында электронды құжаттың нақтылығын анықтаған кезде туындайтын дауларды шешу тәртібі болуы тиіс.

15. Егер:

жіберуші мен алушы арасында электронды тәсілмен нұсқаулар беру туралы шарт жасалған болса және/немесе жіберуші мен алушы электронды құжаттар беру жүзеге асырылатын электронды құжаттар алмасудың бір жүйесін пайдаланушылар болып табылса:

ұсынылған электронды төлем құжатының нақтылығы анықталған болса ақша аударымы электронды тәсілмен берілген нұсқаулар негізінде жүзеге асырылады.

16. Электронды төлем құжатын жіберген кезде немесе алған кезде жіберуші мен алушыда электронды төлем құжатының жіберілгені немесе алынғаны туралы айғақ қалуға тиісті. Электронды төлем құжатының өткені туралы айғақ электронды түрде де, сондай-ақ электронды төлем құжатын өңдеу барысында жасалған қағазға шығарылған құжат түрінде де қалуы мүмкін.

17. Электронды төлем құжатының жіберілгеніне және/немесе алынғанына электронды құжаттың алынғаны туралы хабар немесе электронды құжаттар беру жүзеге асырылатын электронды құжаттар алмасу жүйесінің жұмыс істеу ережесінде және/немесе жіберуші мен алушы арасындағы тиісті шартта белгіленген басқа ақпарат айғақ бола алады.

## 5. Қауіпсіздік рәсімдері

Ескерту. 5-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Қауіпсіздік рәсімі ақша төлемін және аударымын жүзеге асыруға қатысушылар арасында жасалған шарттарда және/немесе электронды құжаттар беру жүзеге асырылатын электронды құжаттар алмасу жүйесінің жұмыс істеу ережесінде белгіленеді.

19. Электрондық төлем құжатының түпнұсқалылығы жіберуші мен алушы арасында жасалған шартта және/немесе электрондық құжаттарды беруді жүзеге асыратын электрондық құжаттармен алмасу жүйесінің жұмыс істеу ережесінде белгіленген қауіпсіздік рәсімдерін алушының орындауы нәтижесінде электрондық қол қоюмен расталады және анықталады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 04.07.2003 N 228 қаулысымен.

20. Қауіпсіздік рәсімі криптографиялық құралдарды пайдалану жолымен жүзеге асырылады. Электронды құжаттағы электронды жазуды жіберуші ұсынған жазу үлгілерімен салыстырып қарау қауіпсіздік рәсімі болып табылмады.

21. Егер де хабарларды электронды тәсілмен берген кезде қауіпсіздік рәсімі ретінде электронды құжатты жіберушінің кім екенін, оның мазмұнында түзетулердің және/немесе өзгерістердің бар екенін нақты анықтауға мүмкіндік бермейтін рәсімдер пайдаланылса, онда осы мақсатқа жетуге мүмкіндік беретін қосымша шаралар қолданылуға тиісті. Қорғаныс іс-әрекеттерінің қосымша шараларының төлем құжатын қайталап беру, төлем құжатын беруді растау немесе жіберуші мен алушы арасындағы уағдаластық бойынша белгіленген басқа да шаралар көзделуі мүмкін. Бұл орайда алушы жіберушіге электронды құжатты қайталап алғанын хабарлайды.

## 6. Электрондық төлем құжаттарын қағаз тасымалдауыштарда рәсімдеу

Ескерту. 6-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Электронды төлем құжатын пайдалана отырып жасалған төлемге электронды төлем құжатының мазмұнын қағазға шығарып беру немесе басқаша беру айғақ бола алады. Бұл орайда электронды төлем құжатының мазмұнын

қағазға шығарып беру немесе басқаша беру Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға сәйкес ресімделуге тиісті.

23. Электронды төлем құжатының мазмұнын қағазға шығарып беру немесе басқаша беру ақша төлемі мен аударымын тек қана нақты электронды төлем құжаты негізінде жүзеге асыруға негіз болып табылады.

## **7. Электрондық құжаттарды сақтау**

**Ескерту. 7-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

24. Орындалған электронды төлем құжаттары электронды нысанда магнитті жазбаларда немесе жазбаның басқа түрлерінде сақталады және сақтау мақсатында электронды төлем құжатының мазмұнын қағазға шығарып беруді немесе басқаша беруді талап етпейді.

25. Электронды төлем құжаттарын сақтау ережесі мен мерзімі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес әзірленген банктің ішкі құжаттарында белгіленеді.

26. Бухгалтерлік есеп жүргізу мақсатында банк орындалған электронды төлем құжаттарының жалпы анықтамасын жасап оны есеп жазбаларын тексеру, мемориалдық құжаттарды ресімдеу үшін, сондай-ақ есеп жүргізудің ішкі ережелерінде көзделген бухгалтерлік есептің басқа да мақсаттары үшін пайдалануға құқылы.

## **8. Қосымша талаптар**

**Ескерту. 8-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банк Басқармасының 26.04.2013 № 117 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

27. Жіберуші мен алушының рұқсат етілмеген электронды төлем құжатын бергені және/немесе орындағаны үшін жауапкершілігі жіберуші мен алушы арасындағы типті шартта және Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленеді.

28. Осы Ережеде реттелмеген мәселе Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес реттеліп отырады.

*Ұлттық Банк Төрағасы*